

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысында білім беруді

дамытудың оқу-әдістемелік

орталығының директоры

Г.Ш. Қожахметова

«*10*» *наурыз* 2016 ж.



Әлеуметтік-педагогикалық жоба
«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығы

Қарағанды қ.
2016 жыл

Идеяның авторы:

Аймағамбетов А.Қ. , Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы;

Жобаның жетекшісі:

Қожахметова Г.Ш. , Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры;

Жоба әзірлеушілері:

Копбаева Г.С. , ҚО ББД ОӘО директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

Елешева С.М. , ҚО ББД ОӘО ҚББ және ҰТИД бөлімінің меңгерушісі;

Баграмова Г.Т., ББД ОӘО ҚББ және ҰТИД бөлімнің әдіскері;

Майтанова С.Б., ББД ОӘО ҚББ және ҰТИД бөлімінің әдіскері.

Рецензенттер:

Контаев С.С. т.ғ.к. , Қарағанды облысы білім басқармасы басшысының кеңесшісі;

Ж.Божик п.ғ.к ., Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ, «Дене шынықтыру және спорттық дайындық теориясы және әдістемесі кафедрасының меңгерушісі»

Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесінде ұсынылды.

Хаттама № 1. 08.01.2016 жыл

Хатшы: Сарсекеева Г.С.

ЖОБА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Жоба атауы	«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығы.
Идея авторы	Аймағамбетов А.Қ. – Қарағанды облысы білім басқармасының басшысы
Жоба әзірлеушілері	Қожахметова Г.Ш. – Қарағанды облысында Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының директоры; Копбаева Г.С. – ҚО ББД ОӘО директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары; Елешева С.М. – ҚО ББД ОӘО ҚББ ҰТИД бөлімінің меңгерушісі; Баграмова Г.Т. - ББД ОӘО ҚББ және ҰТИД бөлімінің әдіскері; Майтанова С.Б. - ББД ОӘО ҚББ және ҰТИД бөлімінің әдіскері.
Жоба үйлестірушісі	Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы
Жоба қатысушылары	Шет ауданы, Ақжал к. «Ш.Батталов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп; Осакаров ауданы, «Молодежный к. №26 орта мектеп» КММ; Абай ауданы, «Топар к. Б.Момышұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ; Саран қ. «Жалпы білім беретін №17 мектеп» КММ; Шахтинск қ. «№1 Гимназия» КММ; Жезқазған қ. «№13 жалпы білім беретін мектеп» ҚММ; Нұра ауданындағы «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ; Балхаш қ. №8 ЖББМ ҚММ; Темиртау қ. №23 ЖББМ КММ.
Жоба мақсаты	«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығын құру; патриоттық сезімдер мен сананы қалыптастыру негізінде мектеп ұжымын, қоғамдық құрылымдарды, ата-аналарды, оқушыларды біріктіру бойынша міндеттердің шешілуін қамтамасыз етуге қабілетті мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеу жүйесін дамыту; өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің заманауи қазақстандық моделін қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау және педагогикалық ынтымақтасты қамтамасыз ету.
Жобаның негізгі міндеттері	1. Жобаны жүзеге асыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік қамтамасыз ету, тиімділікті бағалау критерийлерін әзірлеу; 2. Орталық қызметінің негізгі бағыттары бойынша тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету мақсатында білім беру

	ұйымдары мен жоба қатысушыларының өзара әрекеттерінің тетіктері мен ынтымақтасу модельдерін жасау; 3. Орталық жұмысына білім беру ұйымдарының қатысуы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу; 4. Қосымша және негізгі білім беру ұйымдарын біріктіру арқылы азаматтық және шығармашылық қызметінің алуан түрлерін, балалар-жасөспірімдер мүддесін қолдау және дамыту, инновациялық жобаларға қатысу.
Жоба гипотезасы	Алуан түрлі жұмыс түрлері мен әдістерін қолданып азаматтық-патриоттық тәрбиені қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты бағытталған жұмыс – жасөспірімдердің азаматтық ұстанымын дамытуға, тұлғалық және азаматтық сапаның әлеуметтік қалыптасуына, демократиялық қағидаларда әлеуметтік өзара әрекеттер тәжірибесін байытуға көмектеседі.
Жоба жұмысының бағыттары	- мектеп оқушысы тұлғасының рухани-адамгершілік сапасын қалыптастыру; - әлеуметтік мәдени өмірдің негізгі аспектілерін қамтитын жалпы адамзаттық, ұлттық-мәдени құндылықтарды және тұлғаның өзін-өзі билеуін тәрбиелеу; - құқықтық мәдениетті тәрбиелеу, мемлекеттік нышандарды, мемлекеттің тарихын зерттеу; - оқушылардың әлеуметтік-белсенді ұстанымын қалыптастыру; - әлеуметтік бейімделуде (әлеуметтенуіне) мектеп оқушыларына көмек көрсету, өздігінен даму қабілетіне баулу, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру; - бос уақыт компонентінің маңыздылығын күшейту, қосымша білім беру және сабақтан тыс қызмет жүйесінде балалардың өз ойын білдіруі үшін жағдайлар жасау.
Жобаны жүзеге асырудың болжамды нәтижелері	Оқушыларды патриоттық тәрбиелеу бойынша әлеуметтік-педагогикалық жобаны жүзеге асыру процесінде келесі тұлғалық сапалар қалыптасуы тиіс: - белсенді азаматтық ұстаным; - өз отбасының, қаласының, мекемесінің тағдыры үшін жеке жауапкершілік арту қабілеті; - патриотизм, Отанға адалдық және Туған елге қызмет көрсетуге дайындық сезімі; - рухани-адамгершілік, жеке және қоғамдық жауапкершілік; - өздігінен дамуға қабілеті. <i>Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде күтіледі:</i> 1. Білім беру ұйымдарында білім беру жүйесі ретінде: - патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру; - патриоттық тәрбиелеу мағынасын байыту;

	-білім беру қызметінің барлық субъектілерін патриоттық тәрбиелеу жұмысына тарту. 2. Оқушы бейнесінде: <i>танымдық салада:</i> шығармашылық қабілеттерін дамыту; <i>тарихи-өңіртану саласында:</i> ел тағдырына жауапкершілікті сезіну, алдыңғы ұрпақтың қызметіне араласқаны үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру; <i>әлеуметтік салада:</i> қазақстандық қоғам кеңістігінде өзін-өзі танытуға қабілеті, белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру; құқықтық мемлекет нормаларын білу және сақтау; <i>рухани-адамгершілік салада:</i> білім алушыларға жоғары құндылықтарды, бағдарды, оларды тәжірибелік қызметте басшылыққа алу қабілетін сезіндіру. Жоба өз Отанының азаматын, белсенді азаматтық, өмірлік ұстанымы бар патриотты тәрбиелеуге деген қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы негізінде даярланды. Жобаны жүзеге асырудың түпкілікті нәтижесі білім алушылар Қазақстан Республикасының белсенді азаматтық ұстанымы және патриоттық сана-сезімі қалыптасқан тұлғалар болуы тиіс.
Жобаны жүзеге асыру мерзімдері	2016 жылдың ақпаны – 2018 жылдың мамыры

Білім берудің негізгі басымдықтарының бірі тәрбиелеу жұмысы болып табылады. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Халқына Жолдауында Ұлт көсемі Н.Ә.Назарбаев: «Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек» деп атап өтті.

Мектеп негізгі мақсаты жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті патриот пен азаматты тәрбиелеу болып табылатын тәрбиелеу процесін жүзеге асыратын негізгі әлеуметтік институт болып табылады.

Патриотизмді тәрбиелеу – біздің көп ұлтты және көп конфессионалдық қоғамымыздың жетістіктерінің негізі. Қазақстандық патриотизмнің негізі – барлық азаматтардың тең құқықтығы және олардың Отан үшін және отанымыздың болашағы үшін ортақ жауапкершілігі.

Заманауи жағдайда азамат пен патриотты тәрбиелеудің негізгі қағидаларының бірі бірыңғай міндеттермен, қызметпен, гуманистік қарым-қатынастармен бір-бірімен өзара байланысты жеткіншектер мен педагогтердің ынтымақтастығы болады.

Заманауи Қазақстан жағдайында «азамат» ұғымын жаңа мазмұнмен байыту бірінші кезекте азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің қалыптасу процесіне, заманауи қазақстандық жастарды тәрбиелеудің рухани-адамгершілік бағдарының өзектілігіне байланысты.

«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығы білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, оқыту және тәрбиелеуді біріктіруге, «Мәңгілік Ел» жалпы ұлттық идеяда тәрбиелеу мазмұнының әдіснамасы мен құрылымын жаңартуға бағдарланған Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің басым бағыттарын жүзеге асыру бойынша тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүзеге асыру мақсатымен құрылады.

Жоба гипотезасы:

Алуан түрлі жұмыс түрлері мен әдістерін қолданып азаматтық-патриоттық тәрбиелеуді қалыптастыру және дамыту бойынша мақсатты бағытталған жұмыс – жасөспірімдердің азаматтық ұстанымын дамытуға, тұлғалық және азаматтық сапаның әлеуметтік қалыптасуына, демократиялық қағидаларда әлеуметтік өзара әрекеттер тәжірибесін байытуға көмектеседі.

Объект және мәні:

Жұмыс объектісі – патриоттық және азаматтық тәрбиелеудің ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлары.

Жұмыс мәні – оқушылардың азаматтық-патриоттық құзыреттілігі мен белсенді әлеуметтік ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қызметі, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбиелеу жұмыстары.

Жоба мақсаты: «Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығын құру; патриоттық сана-сезімді қалыптастыру негізінде мектеп ұжымын, қоғамдық құрылымдарды, ата-аналарды, оқушыларды біріктіру бойынша міндеттерді шешуді қамтамасыз етуге қабілетті мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеу жүйесін дамыту; өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің заманауи қазақстандық моделін қалыптастыру бойынша білім беру ұйымдарын әдістемелік қолдау және педагогикалық ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейміз:

1. Жобаны жүзеге асыру бойынша нұсқамалық-әдістемелік қамтамасыз ету, тиімділікті бағалау критерийлерін әзірлеу;
2. Орталық қызметінің негізгі бағыттары бойынша тиімді жұмыс істеуді қамтамасыз ету мақсатымен білім беру ұйымдарымен жоба қатысушыларының өзара әрекеттерінің тетіктері мен ынтымақтасу модельдерін жасау;
3. Орталық жұмысына білім беру ұйымдарының қатысуы бойынша мониторингті әзірлеу және енгізу;
4. Қосымша және негізгі білім беру ұйымдарын біріктіру арқылы азаматтық және шығармашылық қызметінің алуан түрлерін, балалар-жасөспірімдер мүддесін қолдау және дамыту, инновациялық жобаларға қатысу.

Негізгі қызмет бағыттары:

- мектеп оқушысы тұлғасының рухани-адамгершілік сапасын қалыптастыру;
- әлеуметтік мәдени өмірдің негізгі аспектілерін қамтитын жалпы адамзаттық, ұлттық-мәдени құндылықтарды және тұлғаның өзін-өзі билеуін тәрбиелеу;
- құқықтық мәдениетке тәрбиелеу, мемлекеттік нышандарды, мемлекет тарихын зерттеу;
- оқушылардың әлеуметтік-белсенді ұстанымын қалыптастыру;
- әлеуметтік бейімделуге (әлеуметтенуіне) мектеп оқушыларына көмек көрсету, өздігінен даму қабілетіне баулу, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру;
- бос уақыт компонентінің маңыздылығын күшейту, қосымша білім беру және сабақтан тыс қызмет жүйесінде балалардың өз ойын білдіруі үшін жағдайлар жасау.

Мақсатты аудитория: Қарағанды облысының 9 білім беру ұйымдарының 1-11 сынып оқушылары.

Жоба қатысушылары: Шет ауданы, Ақжал к. «Ш.Батталов атындағы орта жалпы білім беретін мектеп; Осакаров ауданы, «Молодежный к. №26 орта мектеп» КММ; Абай ауданы, «Топар к. Б.Момышұлы атындағы жалпы

білім беретін мектеп» КММ; Саран қ. «Жалпы білім беретін №17 мектеп» КММ; Шахтинск қ. «№1 Гимназия» КММ; Жезқазған қ. «№13 жалпы білім беретін мектеп» ҚММ; Нұра ауданындағы «С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ; Балхаш қ. №8 ЖББМ ҚММ; Темиртау қ. №23 ЖББМ КММ.

Жобаны іске асыру мерзімі: 2016 жылдың ақпаны - 2018 жылдың мамыры.

«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығының эмблемасы және вымпелі бар. Қатысқан білім беру ұйымдарына жобаға қатысқандығы туралы Сертификат беріледі.

Жобаны жүзеге асыру кезеңдері:

I. Жобалық: патриоттық тәрбиелеу жүйесін құру жағдайларын дайындау (2016 жылдың ақпаны).

1. Патриоттық тәрбиелеу бойынша нормативтік және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;
2. Патриоттық тәрбиелеу жөніндегі жобаны әзірлеу, талқылау және бекіту;
3. Орталықты ашу бойынша Іс-әрекеттер жоспарын әзірлеу.
4. Жоба қатысушыларына арналған семинар-практикумды өткізу.

II. Тәжірибелік: патриоттық тәрбиелеу бойынша бағдарламаны жүзеге асыру (2016 жылдың наурызы – 2018 жылдың сәуірі).

1. Тәрбиелік ықпал ету мазмұны бойынша жұмыс жасау, тәрбиелеу ықпалының ең тиімді түрлері мен әдістерін таңдау;
2. Патриоттық тәрбиелеу бойынша әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу;
3. Қосымша білім беру және мәдениет ұйымдарымен әлеуметтік әріптестікті кеңейту және нығайту;
4. Білім беру қызметінің барлық субъектілерінің өкілдерін патриоттық тәрбиелеу жүйесіне тарту;
5. Жобаны жүзеге асыру мониторингін өткізу;
6. Патриоттық тәрбиелеу бойынша сайыстарға қатысу, тәжірибе алмасу бойынша практикалық семинарлар өткізу, ғылыми-практикалық конференцияларға, байқау-сайыстарға, әскери-тарихи ойындар мен жарыстарға, іздестіру-зерттеу жұмысына қатысу.

III. Жалпылаушы, аналитикалық: жобаның қол жеткізген нәтижелерін талдау және одан әрі жұмыс істеу перспективасын анықтау (2018 жылдың мамыры)

Жобаны жүзеге асыру нәтижелілігін бағалау:

Жүзеге асыру нәтижелігін бағалау адамгершілік-рухани және сандық параметрлері бойынша объективті критерийлер жүйесін қолдану негізінде жүзеге асырылады.

1. Азаматтық дағдылардың қалыптасуы:

- жеке және ұжымда жұмыс істеу және әрекет ете білу;
- өз құқықтары мен міндеттерін білу және оларды қолдана алу;

- өз шешімдерін қабылдау және қорғай білу;
- қоғамдық істерге қатысуға дайындық;
- білім алуға дайындық.

2. Негізгі құндылықтарға саналы көзқарастың қалыптасуы:

- патриотизм және Отанға деген махаббат;
- адам мен азаматтың құқықтары және бостандығы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары;
- ұлттық сана-сезім;
- басқа азаматтардың намысы мен абыройын құрметтеу;
- азаматшылық.

Сандық параметрлері:

- әрбір тәрбиеленушінің тәрбиелеу жағдайларына қатысуы;
- азаматтық-патриоттық тақырыбындағы сайыстарға қатысу;
- іс-шаралар өткізу.

Жобаны әдістемелік қамтамасыз ету

Жоба бес тақырыптық тараудан тұратын және оқушылардың жас топтарына бағдарланған бағдарлама бойынша жұмысты ұйымдастыруды қарастырады. Бағдарлама ел тағдыры үшін дамыған рухани-адамгершілік сапалармен және жауапкершілік сезіміне ие, ынтымақтастық пен мәдениетаралық өзара әрекеттерге қабілетті, «Қазақстан-2050» - «Мәңгілік ел» Стратегиясының басты мақсатына қол жеткізуге белсенді қатысатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Жобада баланы дамытудың маңызды саласы ретінде (әлеуметтік, психологиялық, рухани, адамгершілік) және мекеменің тәрбиелеу жүйесін қалыптастырудың негізгі процестері ретінде қамтылатын мониторинг (қадағалау, бағалау) жүйесі қолданылады.

Азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша оқу-тәрбиелік процестің амалдары мен әдістері:

1. Сабақты ұйымдастыру тәсіліне негізделген әдістер:
 - ауызша (ауызша баяндау, әңгімелесу);
 - көрнекілік құралдар арқылы (көрнекіліктерді, экспозицияларды көрсету);
 - практикалық.
2. Балалар қызметінің деңгейіне негізделген әдістер:
 - түсіндіру-көрнекі – балалар дайын ақпаратты қабылдайды және игереді;
 - репродуктивті – оқушылар алынған білімдері мен меңгерілген қызмет тәсілдерін жаңғыртады;
 - жартылай-іздістіру – балалардың ұжымдық іздеуге қатысуы, педагогпен бірлесіп қойылған міндеттерді шешу;
 - оқушылардың зерттеу-өзіндік шығармашылық жұмыстары.
3. Оқушылар қызметін ұйымдастыруға негізделген әдістер:
 - фронтальді-барлық оқушылармен жаппай-бір уақытта жұмыс істеу
 - топтық-шағын топтар бойынша жұмыстарды топтық ұйымдастыру
 - жеке - тапсырмаларды жеке орындау, проблемаларды шешу.

Білім беру ұйымдарында жобаны жүзеге асыруға жауапты:

- тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары (жалпы басқару);
- тәлімгерлер (Жас қыранды, Жас ұланды ұйымдастыру қызметі);
- АӘД жетекшілері (әскери дайындық негіздері);
- дене шынықтыру мұғалімі (спорт секциялары);
- педагог-психологтер, әлеуметтік педагогтер (психологиялық қызмет);
- қосымша білім беру педагогтері (дамытушы сипаттағы сабақтар);
- сынып жетекшілері болып табылады.

Жобаны жүзеге асыру бойынша білім беру ұйымдарының қызметін үйлестірудің негізгі нысандары: жылдық жұмыс жоспары, тәрбиелеу бағдарламалары, өткізілген іс-шаралардың тиімділігін талдау және бағалау, педагогикалық кеңестерде мәселелерді талқылау, жинақтаушы материал, азаматтық-патриоттық тәрбиелеу бойынша тақырыптық стендтер.

Негізгі жұмыс түрлері:

Азаматтық-патриоттық бағытта әр түрлі сайыс-байқаулар, концерттер, кештер, кездесулер ұйымдастыру және өткізу;

- видеофильмдерді және фотоматериалдарын көру;
- еске алу акциялары, ерлік сабақтары, қоғамдық акциялар;
- шығармашылық сайыстар, сұрақ-жауап жарыстары, көрмелер, конференциялар;
- соғыс ардегерлері мен тыл еңбеккерлері туралы ақпараттар жинау және ресімдеу, соғыс ардегерлері, тыл еңбеккерлері туралы видеофильмдерді жасауға арналған материалдарды дайындау;
- этно- мәдени бірлестіктердің, табиғатты қорғау органдарының өкілдерімен, жазушылармен, ғалым-саясаткерлермен, заңгерлермен, тарихшылармен және тағы басқаларды шақырумен дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;
- ұжымдық шығармашылық істер;
- Даңқ Бөлмесінің қорын толықтыру бойынша іздестіру жұмысы;
- сенбіліктерге, экологиялық акцияларға қатысу

«Айбар» АПТ орталығының қызметін жүзеге асыру:

- оқу процесі арқылы (тарих, өзін-өзі тану, қоғамтану, өңіртану, құқық, әдебиет, биология, дене шынықтыру сабақтары)
- азаматтық-патриоттық тәрбиенің мектептік жүйесімен қосымша білім беру жүйесін біріктіру арқылы;
- сабақтан тыс тәрбиелеу жұмыстары арқылы: бірлестіктер, үйірмелер, көрмелер, фестивальдер, экскурсиялар, байқаулар, акциялар, жарыстар;
- мектептің әлеуметтік серіктестіктері арқылы;
- отбасымен жұмыс істеу арқылы: ата-аналарға арналған дәрісханалар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, сайыстар.

**«Айбар» азаматтық-патриоттық тәрбиелеу орталығы
жұмысының негізгі бағыттары**

АПТ орталығының бағдарламасы 5 тақырыптық тараудан тұрады:

«Туған жер» тарауы – Шағын Отан тарихы, қала, отбасы тарихы.

«Достық шаңырағы астында» тарауы – Қазақстанда тұратын халықтардың мәдениеті, халық тарихы.

«Туған елім» тарауы - тарихи-өлкетану тарауы.

«Отан» тарауы - азаматтық құқық сезімі.

«Отаншыл» тарауы – заманауи патриот азаматтың моделін қалыптастыру.

Бағдарлама оқушылардың жас ерекшеліктеріне бағдарланған:

I саты: «Балдәурен» - 1-4 сынып оқушылары.

II саты: «Жасдәурен» - 5-8 сынып оқушылары.

III саты: «Тұлға» - 9-11 сынып оқушылары.

«Айбар» Орталығының барлық сатылары өсу күрделігі бойынша бес тақырыптық тарау бойынша жұмысын жүзеге асырады.

Жас топтары	Тақырыптық тарау. Тәрбиенің негізгі міндеттері	Тәрбие қызметінің негізгі нысандары
«Балдәурен» 1-4 сынып оқушылары	«Туған жер» тарауы - «шағын отанға», өзінің үйіне, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; - қоршаған ортаға кішіпейілділік қалыптастыру; - ардагерлер, қарттар, мүгедектер сияқты мұқтаж адамдарға көмек көрсетуге ұмтылысты тәрбиелеу; - оқушылардың экологиялық сауаттылығын қалыптастыру; - өз денсаулығына және айналасындағы адамдардың денсаулығына қамқорлық көзқарасы.	- сайыстар: шығармалар мен суреттер, мәнерлеп оқушылар мен жас суретшілер, - «Менің туған өңірім» саяхат-ойыны; - «Қайырымдылық» операциялары; - Қарттар күні; - «Жанындағыларға көмектес» әңгімелесулер; - базарлықтар, сыйлықтарды дайындау, «Жалғызбасты кәрілікке жол бермейміз» акциясын өткізу; - экологиялық мерекелер; - табиғи материалдардан жасалған бұйымдар көрмесі; - «Жасыл мектеп», «Құсқа жем салатын астау» операциялары; - «Көңілді бастамалар»; - «Денсаулық күні»; - СӨС туралы әңгімелесулер;

		- сап командалары мен техникасын зерттеу, спорт жаттығуларын орындау ережесі.
	«Достық шаңырағы астында» тарауы - Қазақстан Республикасы халықтарының дәстүрлерімен және ғұрыптарымен, еліміздің тарихымен таныстыру	- Мектеп күні; - мұражайға экскурсия; - фольклорлық мерекелер; - жас дарындар фестивалі; - Ана күніне концерттер; - әдеби викториналар; - өнер фестивалі.
«Жасдәурен» 5-8 сынып оқушылары	«Туған елім» тарауы - қазақстандық сана-сезімді және мәдени ұқсастықты, азаматтық жауапкершілікті, толеранттылық және патриотизмді, өз халқына мақтанышты, мемлекеттік символдарға және мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін, өзінді Отан игілігіне барынша дамытуға ұмтылысты, жақсылық пен әділдікті тәрбиелеу. - қоғамның негізгі құндылықтарына мектеп оқушысының оң қатынастарын (адам, отбасы, отан, табиғат, әлем, білім, денсаулық, еңбек, мәдениет) және жалпы әлеуметтік шынайылыққа жалпы құндылық көзқарасын қалыптастыру.	- патриоттық әндер сайыстары; - ескерткіштерге, еске алу вахталарына қамқорлық; ескерткіштерге құрметті қарауыл қою, гүлдер қою; - саптық және физикалық дайындық бойынша практикалық сабақтар; - «Қалқан» әскери-спорт ойыны; - жауынгер-интернационалистер мұражайына, әскери бөлімге экскурсиялар; - ардагерлерді құттықтау; - «Еске алу», «Халық бірлігі күні» линейкасы; - ҰОС қатысушы жерлестер туралы әңгімелесу циклі; - «Жасыл патруль» жұмысы; - экологиялық жобалар байқауы; - «Тазалық әлемді сақтайды», «Алтын күз» акциялары; - «Алтын күз» кросы; - «Сау бол» үгіт бригадасының шығуы; - есірткіге және ЖҚТБ қарсы газеттер мен бюллетеньдерді шығару.
	«Отан» тарауы Қазақстанның жас азаматтарының құқықтық	- «Біздің құқықтар мен міндеттеріміз» сұхбаты; - «ЖҚЕ үйренеміз»;

	мәдениетін, тұлғалық, әлеуметтік, құқықтық құзыреттіліктерін, өзінің Заң алдында азаматтық құқықтарды, міндеттемелерді, жауапкершілік сезімдерін қалыптастыру.	- «Жеткіншекке заң туралы» құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер; - «Мен және заң» бюллетенінің шығарылымы; - «Заң және тәртіп» ауызша журналы.
«Тұлға» 9-11 сынып оқушылары	«Отаншыл» тарауы - азаматтылық пен патриотизм сезімін, құқықтық мәдениетті, кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынастарды қалыптастыру; - оқушылардың қоғамдағы тіршілік үшін қажетті әлеуметтік тәжірибеге қол жеткізуі, қоғамда қабылданатын құндылықтар жүйесін қалыптастыру.	- әскери-дала жиындарын ұйымдастыру; - әскери қызметшілермен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесу өткізу; - кәсіптік бағдар бойынша жұмыс; - еңбек (өндірістік) қызметі; - спорт – сауықтыру қызметі; - туристік-өлкетану қызметі.

Сабақтан тыс жұмыстардың алуан түрін ұйымдастыру үшін жалпы мектептік үй-жайларды: оқырман, акт және спорт залдарын, кітапхананы, сондай-ақ мәдениет үйлері, балалардың бос уақытын өткізу орталығын, спорт құрылыстарын, стадиондарды қолдану ұсынылады.

Оқушылардың азаматтық сезімдерін тәрбиелеу мазмұнын **ұйымдастырудың негізгі қағидалары:**

- **Тәрбиелеудің азаматтық-патриоттық бағытталу принципі** – патриоттық, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру басымдығын, Отанға қызмет ету дайындығын, әлеуметтік қатынастарды жетілдіруге және мемлекет игілігіне, қоғамдық істерді басқаруға қатысу қабілетін анықтайды.
- **Тәрбиелеу ықпалының біртұтастық принципі** – тәрбиелеу және әлеументтендірудің барлық негізгі субъектілерінің күштерін: педагогикалық ұжымды, оқушылардың ата-аналарын, ІІМ органдарын, қоғамдық бірлестіктерді, мәдениет және спорт ұйымдарын біріктіруді білдіреді.
- Біздің елдің тарихында, Қазақстан халқының мәдениетінде, дүниежүзі халықтарының мәдени дәстүрлерінде сақталатын **мұратқа бағдарлану принципі**. Тәрбиелеу мұраттары мектеп өмірі құрылымының біртұтастығын қолдайды, оған адамгершілік өлшемдерді береді, оқушылардың, олардың ата-аналарының, педагогтердің, мектептің әлеуметтік кеңістігіндегі барлық мекемелердің келісу мүмкіндігін қамтамасыз ету **болып табылады**.

Күтілетін нәтижелер

Оқушыларды патриоттық тәрбиелеу бойынша әлеуметтік-педагогикалық жобаны жүзеге асыру процесінде келесі тұлғалық сапалар қалыптасуы тиіс:

- белсенді азаматтық ұстаным;
- өз отбасының, қаласының, мекемесінің тағдыры үшін жеке жауапкершілікті өзіне арту қабілеті;
- патриотизм сезімі, Отанға адалдық және Туған елге қызмет көрсетуге дайындық сезімі;
- руханилық, адамгершілік, жеке және қоғамдық жауапкершілік;
- өзін-өзі дамыту қабілеті.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде күтіледі:

1. Білім беру ұйымдарында, білім беру жүйесіндегі сияқты:

- патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- патриоттық тәрбиелеу мазмұнын байыту;
- білім беру қызметінің барлық субъектілерін патриоттық тәрбиелеу жұмысына тарту.

2. Оқушы бейнесінде:

танымдық салада: шығармашылық қабілеттерін дамыту;

тарихи-өлкетану саласында: ел тағдырына жауапкершілікті сезіну, аға буынмен қызметтес болғаны үшін мақтанышты қалыптастыру;

әлеуметтік салада: қазақстандық қоғамы кеңістігінде өзін-өзі танытуға қабілеті, белсенді өмірлік ұстанымдарды қалыптастыру; құқықтық мемлекет нормаларын білу және сақтау;

рудани-адамгершілік салада: білім алушыларға жоғары құндылықтарды, бағдарды, оларды тәжірибелік қызметте басшылыққа алу қабілетін сезіндіру.

Жоба өз Отанының азаматын, белсенді азаматтық, өмірлік ұстанымы бар патриотты тәрбиелеуге деген қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы негізінде даярланды. Жобаны жүзеге асырудың түпкілікті нәтижесі білім алушылар Қазақстан Республикасының белсенді азаматтық ұстанымы және патриоттық сана-сезімі қалыптасқан тұлғалар болуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.

2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында 2015-2016 оқу жылындағы ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы. Нұсқаулық-әдістемелік хат. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 232 б.

3. Жалпы білім беретін мектептерінде балалардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру. (*Әдістемелік ұсыныстар*) – Республикалық қосымша білім беретін оқу-әдістемелік орталық, Астана, 2015 ж., 143 б.
4. Абдулина Г.К. Патриотизмді тәрбиелеу – біздің қоғам жетістіктерінің негізі //Оқушыны тәрбиелеу - Оқушы тәрбиесі.- 2014.- №3.- 16-18 б.
5. Акулова С. Азаматтық қоғамдағы азамат: Сабақтан тыс жұмыс //Мектептегі сабақтан тыс жұмыс.- 2009.- №9.- С.24-28
6. Бабаханов Р. Қазақстан жастарын патриоттық тәрбиелеу //Алғашқы әскери дайындық.- 2013.- №5- 28-б.
7. Балацкая С.В. Патриоттық тәрбиелеу дегеніміз не? //Қазақстандағы мектепке дейінгі білім.- 2013.-№6- 3-5-б.
8. Безрукова Н. Белсенді азаматтық ұстаным – тәуелсіз Қазақстанның сәтті дамуының кепілі: Патриоттық тәрбиелеу // Мектептегі сабақтан тыс жұмыс.- 2008.- № 12.- 26-29-б.
9. Бойко Н. Жауынгерлік даңқ мұражайы – жастарды патриоттық тәрбиелеудің маңызды бағыты // Мектептегі, колледждегі және ЖОО-дағы жалпы тарих және құқықтану.- 2012.- №1 .- 7-8-б.
10. Быков А.К. Жастардың патриоттық сана-сезімін қалыптастыру //Педагогика.- 2010. – №9. - 10-20-б.